



МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, III тоқсанның аяқталуына байланысты көктемгі демалыс күндері оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен түрлі құқықбұзушылық әрекеттердің алдын алу мақсатында білім беру мекемелерінде мобильді топ мүшелері бекітіліп, **күндізгі және түнгі рейдтер ұйымдастыруды сұраймыз.**

Мектеп оқушыларының көктемгі демалыстағы бос уақытын тиімді өткізу және жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту мақсатында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында іс-шаралар жоспары жасалды.

Сондай-ақ 1-4, 5-9 және 10-11 сынып оқушыларына арналған гайдбук әзірленді. Онда әр демалыс күні Наурызнаманың онкүндігімен байланысты және қоғамның маңызды аспектілеріне: отбасылық құндылықтарға, мәдениетке, ұлттық дәстүрлерге, қайырымдылыққа, спортқа мән берілді. Ол бойынша мектептерде бірқатар білім беру, спорттық, мәдени және шығармашылық іс-шаралар өткізу жоспарланған:

- 1) театр фестивальдері мен қойылымдары;
- 2) шеберлік сабақтары;
- 3) қауіпсіздік сабақтары;
- 4) мұражайларға, ғылыми орталықтарға және тарихи ескерткіштерге танымдық экскурсиялар;
- 5) спорттық ойындар;
- 6) қайырымдылық акциялары және басқа да шаралар.

Ең бастысы - балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Осы мақсатта ата-аналармен бірге жол-көлік жарақаттарының алдын алуға, мектептің ішкі тәртібін сақтауға, балалардың көшедегі қауіпсіздігіне, үйдегі өрт қауіпсіздігі және киберқауіпсіздікке ерекше назар аударылады.

Білім беру ұйымдарында мектеп оқушылары мен ата-аналарға көктемгі демалыс кезінде кафе, мейрамханаларда, демалыс орындарына, тауға саяхат жасауға тағы басқа іс-шаралаға атсалыспауын мектеп директорлары қатаң бақылауға алып, қолхаттар алынып, түсіндіру жұмыстарын жүргізуді тапсырады.

Кез-келген келеңсіз оқиға орын алған жағдайда алгоритм бойынша білім бөліміне шұғыл ақпаратты 1 сағаттың көлемінде жіберу сұралады.

Қосымша: (жоспар, әдістемелік құралдар мен гайдбуктер)

Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы

М.Сванов

Балалардың көктемгі демалысын Наурызнама тұжырымдамасына сәйкес ұйымдастыру жоспары

№	Іс-шараның атауы	Түрі	Өткізілетін мерзімі	Жауапты
1	«Менің терезе алдындағы бақшам», «Жалынды жастар көктемі»	Экологиялық челлендж	23 наурыз 2025 жыл	Білім беру мекемелері
2	«Жер сағаты» челленджі, «Таза ауа-таза табиғат», «Кұстарға қамқор»	челлендж	24 наурыз 2025 жыл	Білім беру мекемелері
3	«Өз еліңді танып біл»	Экскурсия	26-27 наурыз 2025 жыл	Балалар мен жасөспірімдердің туризм және өлкетану орталығы
4	«Біздің отбасылық дәстүрлеріміз»	бейнероликтер	27 наурыз 2025 жыл	Білім беру мекемелері
5	Кітаптың сыры: Басты идеяны тап, «Оқу және жазу мәдениеті»	Оқыған кітаптар туралы пікіралмасу	28 наурыз 2025 жыл	Білім беру мекемелері
6	Кітаптың сыры: Негізгі ойды тап, Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйыламыз»	Челленджі	28 наурыз 2025 жыл	Білім беру мекемелері
7	«Спорт және шеберлік күні» «Ұлттық спорт күні»	Спорттық ойындар өткізу	29 наурыз 2025 жыл	Білім беру мекемелері
8	«Кино күні»	Оқушылар отбасымен демалыс уақытында кинотеатрға бару	30 наурыз 2025 жыл	Білім беру мекемелері